

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы Самсоновка ауылында орналасқан жер учаскесі тұстамасындағы Аблакетка өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 маусымдағы № 210 қаулысы.
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 шілдеде № 7264 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы Самсоновка ауылында орналасқан жер учаскесі тұстамасындағы Аблакетка өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы Самсоновка ауылында орналасқан жер учаскесі тұстамасындағы Аблакетка өзенінің су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Өскемен қаласының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология, геология және табиғи ресурстар

министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысының міндетін атқарушы

Е. Камбаров

2020 ЖЫЛҒЫ " " _____

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2020 жылғы
23 маусымдағы № 210
қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы Самсоновка ауылында орналасқан жер учаскесі тұстамасындағы Аблакетка өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7
Самсоновка ауылы, Шоссейная көшесі, 6/1 мекен-жайында орналасқан жер учаскесінің тұсындағы А б л а к е т к а (05-085-143-076 есеп кварталы) ө з е н і	0,073	1,0574	183 - 213	0,073	0,2317	35

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.